

*Арқалық
қаласының
Облыстық №2
Әмбебап ғылыми
кітапханасы*



Кітапхана тынысы

Библиодайджест

2016 жыл Арқалық қ.



КММ Арқалық қаласының Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы

Мазмұны

Библиогид
Атаулы күндер
Мерейтойлар
Жаналықтар мен оқиғалар
Болашаққа жоспар

1 Бөлім

Библиогид

Елдік пен еркіндіктің жыршысы

Кітап көрмесінің тұсаукесері

Биылғы жылы «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында таңдалған азаттық жырының



ақтангері Дулат
Бабатайұлының шығармалары
на арналған «*Елдік пен*

еркіндіктің жыршысы» деген тақырыпта құрылған көрменің тұсаукесерінің ашылуы салтанатты түрде болып өтті. Көрме қию рәсімі *облыстық далалық-тарихи өлкетану мұражайының директоры Гүлбану Төкенқызы* мен «*Қостанай таңы»* газетінің тілшісі, ақын *Мұрат Жүнісұлына* берілді.

Көрменің «*Азаттық жырының ақтангері»* бірінші бөлімі отаршылдыққа қарсы

2016

қантар – маусым

Кітапхана тынысы

қаламын найза, тілін қылыш етіп күресіп, қазағының қамын ойлап күңіреніп өткен ақын – Дулат Бабатайұлының өмір жолына, «**Ғибратты қазына**» екінші бөлімі *Д.Бабатайұлының шығармашылығына* арналды.

Дала дарыны Дулат Бабатайұлының өмір сүрген уақыты қазақ халқы үшін ең қиын заман болды. Қазақ даласындағы хандық дәуірдің жойылып, патша өкіметінің отарлау саясаты кеңінен өріс



ала бастаған шаққа тура келді. Бір жағынан патша өкіметінің, екінші жағынан аға сұлтандар мен би, болыстардың алым-салығы титықтатқан шақ бұқара халық үшін ең бір ауыр кезең болды. Осындай аумалы-төкпелі шақта өмір сүрген ақынның туындыларына сол тұстағы өмір шындығы арқау болды. Сондықтан ол шаттық өлең емес, "зар заман" жырын

тудырды. Кеш барысында Дулат бабамыздың жыр маржандарын оқырмандарымыз нақышына келтіріп, мәнерлеп оқыды.

«Тегімді менің сұрасан» өлеңін оқыған АрМПИ-ның 3-курс студенті Ырысбай Ғабит. «**Бараққа**» өлеңін оқыған АрМПИ-ның 1-курс студенті Жаденов Оралхан. «**Әуелгі қазақ деген жұрт**» өлеңін оқитын АрМПИ-ның 2-курс студенті Қошан Әсем. "**Ақжайлау мен Сандықтас**" өлеңін оқыған Әмірбекова Әсем Н.Құлжанова атындағы колледжінің студенті. Сонымен қатар, «Еспенбет»



дастаны туралы экраннан бейне жазба көрсетіліп, слайдтар әзірленіп, кітап көрмесі құрылды. Жалпы 35 әдебиет насихатталды.

2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

ТҰЛПАРЛАР ТУҒАН ӨЛКЕ

Өлкетану кеші

Талай ақының жырына, талай сазгердің әніне арқау болған, киелі Торғай төсінде орналасқан Арқалық қаласының іргетасы қаланғанына биыл 60 жыл толып отыр. Оқу зал бөлімінің ұйымдастыруымен осы мерейтойға арналаған «Тұлпарлар туған өлке» атты өлкетану кеші болып өтті. Мақсатымыз өлкеміздің тарихын, қаланың бүгінгі бет-бейнесін, еліміздің еңбек ардагерлері туралы оқырмандарға таныстыра отырып, туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін арттыру. Кеш қонақтары: **архитектор Қажымұхамбет Әбдіқұлы мен жерлес ақынымыз Болат Молдашұлы.** Сүйікті қаламыз Арқалықтың алғашқы қадасы кеншілердің жұмысшы поселкесі болып қағылған тарихы экраннан бейне жазба арқылы көрсетіліп, қаланың дамуы мен өлкемізден шыққан батырлар, елдің құнын екі ауыз сөзбен шешкен билер, көріпкел әулиелер, он саусағынан өнері тамған шеберлер, суырып салма ақындар, жезтандай әншілер, нар идірген күйшілер, елінің қамқоршысы саясаткерлер, ғалымдар жайлы баяндалып өтті. Аға ұрпақтың маңдай тері, қажырлы қайратымен



құрылған, топырағы кенге бай, жері киелі Арқалық қаласына арнаған жалынды жас ақындарымыз өздерінің жүрекжарды жырларын оқыды. Атап айтсақ: 1. **Жалғасбек Әлімғазыұлы.** *Кітапханамыздың тұрақты оқырманы.*

2. **Мәулен Балнұр.** *АрМПИ-ның 2-курс студенті.* 3. **Жакина Гүлназ.** *Н.Құлжанова атындағы гуманитарлық колледжінің 2-курс студенті.*

Қаламыздың көркем келбеті слайдтар арқылы көрсетіліп, «Туған жер, Тың өлкем» кітап көрмесі құрылды. Әуелеп әндер шырқалып, күй күмбірледі. Кеш соңында кітапханамыздың директоры Алма Жақсылыққызы сөз сөйлеп,



2016

қаңтар – маусым

Кітапхана тынысы

апталыққа белсенді ат салысқан оқырмандарымызды марапаттады.

СӘЛЕМ, СЕН БІЗДІҢ ОҚЫРМАНСЫҢ!

Жылдағы дәстүр

Жылдағы дәстүр бойынша бүлдіршіндерді кітапханаға тартып, оқуға баулу мақсатында 5 қаңтар күні облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының балалар әдебиеті бөлімі 2016 жылдың бірінші оқырманын қабылдады. Бүлдіршіндер алуан түрлі кітаптармен және кітап кейіпкерлерімен танысты. Алдар Көсенің қойған сұрақтарына жауап берді.

Биылғы жылдың бірінші оқырманы болып №6 Абай Құнанбаев атындағы орта мектептің 4 сынып оқушысы Асхат Әлинұр тіркелді. Осы аталған мектептің ұстаздарына алғысымызды білдіреміз. Бүгінгі таңда оқырман баланың қызығушылығын арттыру мақсатында балабақша – мектеп - кітапхана болып жұмыс жасалса, оң нәтиже болары сөзсіз. Мектептің 4-сынып оқушылары түгелдей кітапхана оқырмандары. Сонымен қатар кітапханадағы «Шебер қолдар» үйірмесіне қатысады. Әлинұр 6 жасынан бастап кітапхананың тұрақты оқырмандарының бірі. Ол кітапхананың өсіп-өркендеуін тілейді. Сонымен бірге кітап туралы мынадай өлең жолдарын ала келген екен.



Өзінді оқып кітабым,
Көп нәрсені үйрендім.
Көп нәрседен жирендім,
Өзінді оқып кітабым
Білімімді шыңдадым.
Айтқандарың ақыл тек
Кітап саған рахмет!

Иә, тек кітап қана қайырымдылықпен адалдықтың, ақиқат пен жалғандықтың ара жігін танып білуге үйретеді. Оны осы өлең жолдарынан аңғарғандаймыз.

2016

қаңтар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

Бүгінде теледидар, ғаламтор үлкен рөлге ие болып отырған уақытта білім-бұлағы кітапты жас ұрпаққа насихаттау кітапхана жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Өйткені кітап оқудың ұлт болашағы үшін маңызы зор. Себебі ата-бабаларымыздың жиған-тергендерінің бәрі осы кітап деген қазыналы сандықта сақталған. Осы байлықтан құр қалмай, кітап әлеміне бойлаймын деген әр адамға кітапхана есігі әрқашан ашық. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов айтқандай даналыққа бастайтын жол кітап оқудан бастау алады. Олай болса, құрметті ата-аналар, оқушылар кітапханаға асығыңыздар!

КҮН СӘУЛЕСІН ТАРАТҚАН, ДАНЫШПАН ҚАНДАЙ КІТАПТАР

Балалар кітап апталығы



Біздің балалар әдебиеті бөлімінде ең есте қаларлық мерекелік іс-шара және оқырмандардың асыға күтетін мерекесі «Балалар кітап апталығы» болып өтті. Кітап апталығының жоспары алдын ала белгіленіп, қаламыздағы барлық мектептерге таратылды. Мереке 09-16 наурыз аралығында екі мезгіл өткізілді.

Мерекеге дайындап безендірілген зал, қазақ және орыс тілінде жазылған - Солнечная светлость книжной премудрости, «Қош келдіңер, балалар кітап апталығына» ұрандары ілініп, кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Апталықтың әрбір күні қызыққа, қуанышқа толы болды.

Кітапханашылардың ұйымдастыруымен «Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай» атты ертегісінен көрініс көрсетілді.



2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

Балаларға ұлттық ойындар ойнатылып жеңімпаздар тәттілей сыйлықтарға ие болды.

2 Бөлім

Атаулы күндер

ҰЛТ ДІНГЕГІ, ҰРПАҚ МҰРАТЫ - ИСЛАМ

Жылжымалы кітап көрмесі

Асыл дінімізде айтулы күндердің бірі - Мәуліт күні. Аллаһтың елшісі Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) дүниеге келген күніне орай облыстық Қазақ жасөспірімдер театрында өткен салтанатты жиынға «**Ұлт діңгегі, ұрпақ мұраты - Ислам**» деген тақырыпта жылжымалы кітап көрмесі барша қала халқына ұсынылды. Көрмеге ислам діні

және соңғы пайғамбар Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ғибратқа толы ғұмыры туралы кітаптар, мерзімді басылымдар: «Шапағат - Нұр», «Ислам», «Алдаспан», «Мұсылман» журналдары мен «Ислам өркениеті» газеті қалың жамағатқа насихатталды. Жалпы көрмеге 65 әдебиет қойылды.



2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

ТӘРБИЕ ӨРКЕНИЕТ ҚАЗЫҒЫ, ҰРПАҚ КЕЛЕШЕК

Пікірталас

9 ақпан – Жастар күні

9 ақпан – Жастар күні деп мерекеленуіне байланысты жастармен жұмыс жүргізу мақсатында секторде «Тәрбие өркениет қазығы, ұрпақ келешек қазығы» тақырыбында пікірталас өткізілді. Жастар арасындағы пікірталас тақырыбы екі жеті бұрын берілді. Талданатын тақырыптар ашық түрде жүрді. Пікірталасқа АрқМПи, Тор.Гум., Политехника студенттері қатысты. Политех. колл-нің студенттері жақсы дайындықпен келген, тақырыпты өз деңгейлерінде ойларын айтып, пікірлерін білдіріп отырды.

Жүргізуші талданған тақырыптар соңында тиянақтап, қортындылап отырды. Ұстаздарымен келген студенттер ойларына ұстаздары да өз ойларын айтып қосылып отырды. Жастар арасында пікірталастарды әр саладағы тақырыпта жиі өткізіп отыру керек деп ұсыныс айтылды. Пікірталас соңында «жастардың бөлінуі» жайлы тақырыпта пікірталас болуын ұсынды жастар ұстаздарымен бірге. Қазақстанда жүріп Оңтүстік және Солтүстік болып бөліну не үшін деген сұрақтар туындап жатыр екен....

Өткізілген пікірталас жастарға ой салып, азғантай болса да әр жасқа ой тастайды ғой деген оймен өткізілген пікірталас жастарға пайдасын береді – деп ойлаймыз, үміттенеміз!

Пікірталас соңынан тәрбиелік мәні бар ұлағатты сөздері бар мерзімді басылымдар мен әдебиеттерге шолу жасалды.



2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Спорттық эстафета

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл, Ұлт – Азаттық көтерілістің 100 жылдық мерейтойларға орай, Арқалық қаласының мәдениет ошақтары «Спорт – денсаулық кепілі» атты көңілді спорттық эстафетада өзара жарысқа түсті.

Қаламыздың мәдениет қызметкерлері арасында мұндай спорттық іс – шара екінші рет өтіп отыр. Шараның басты мақсаты – салауатты өмір салтын ұстануға үндеген Елбасының саясатын насихаттау. Біз де екінші жыл қатысып отырмыз. Жарысты қала әкімдігінің мәдениет және тілдер дамыту бөлімінің басшысы Сандуғаш Орекенқызы құттықтау сөзімен ашты. Жарысқа Облыстық Дала өлкесі мұражайы, Облыстық №2 әмбебап – ғылыми кітапхана, қалалық мәдениет сарайының және Ауылдық мәдениет үйінің қызметкерлері қатысты.

7 кезең бойынша сынға түсті. Қатысушыларды таныстыру, «Жүйрік ат», «Қашықтықтан өту», «Кім жылдам?», «Аударыспак», «Бақа жүрісі», «Арқан тартыс», «Кім епті?» сияқты кезендерде бар күш - жігерлерін салып, үздік болуға тырысты. Сондай – ақ «Ақбота» халық би ансамбілінің бойжеткендері билерін тамашалатты.

Көңілді де тартысты өткен іс – шара қатысқан біз, көрермен жанкүйерлер де мол әсер алды.



2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

ЖАЛҒАСЫН ТАПҚАН ЖАҚСЫЛЫҚ

Этикалық сағат

1 наурыз – Алғыс айту күні

Бөлім жоспары бойынша өткізілген 1 наурыз – алғыс айту күніне байланысты «Жалғасын тапқан жақсылық» тақырыбында этикалық сағаты өткізілді. Биыл алғаш рет Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен аталып өтіп жатқан алғыс айту күні халық жақсы қабылдап, жұмыстар жүргізілуде.

Эстетикалық сағатта қазақтың дәстүрі мен иманды, ибалығы, адамгершілікті жоғары қойып, жасы үлкендерді сыйлау және үлкендерден алғыс, бата алу жайлы әңгіме болды. Қазақтың этнографиялық категориялы, ұғымдарымен атауларының дәстүрлі жүйесі кітабынан анықтамалар айтылып, алғыс не үшін айтылатыны, алғысты қалай түсініп, қабылдауға болады деген мағынада әңгімелер айтылды. Қазақтың бір туар ғұламасы Мұхтар Әуезовтың шығармаларында жазылған алғыс сөздері айтылды.



Сағат соңында жастарға өмірде рахмет, алғыс айта білейік және сол алғысты алу үшін жақсылық жасайық – деп сөз түйінделді. Эстетика сағатына Политехникалық колледжінің 1-курс студенттері Патима Шарманова қатысты. Сағат соңында жастар өз алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

2016

қантар – маусым

Кітапхана тынысы

МЕНИҢ ТҰРАҚТЫ ТӨРІМ – ТЕАТР

27 наурыз – Халықаралық театр күні

27 наурыз – Халықаралық театр күні мерекесіне орай бөлімде «Менің тұрақты төрім – театр» тақырыбында сыр сұхбат өтті. Кеш қонағы қаламыздағы Облыстық жасөспірім театрының жас әртісі – Алматы Азамат.



Сыр сұхбатта қонаққа ұтымды сұрақтар беріліп, тұшымды жауаптар алынды. Өз тарапынан ән шырқап, «Аяулы Анама» деген монологын оқыды. Алғашқы өнерге қалай келгені және алғаш сахнаға шыққаны жайлы жақсы естеліктер айтты. Жастар ортасынан сұрақтар беріліп, қанағаттанарлықтай жасап алынды.

Өнерге келген себебі, сахна ерекшелігі, еліктеген актерлері, жеткен жетістіктер, алған әсерлер, ұстаздар, туған жер балалық шақтар жәйлі әңгіме айтылды. Жастар сыр сұхбаттан өздеріне қажетті мағлұматтар алды деп ойлаймыз.

МҰРАТТЫҢ МЫСҚЫЛДАРЫ

Күлкі сағаты

1 сәуір



Өнер секторы жұмыс жоспарын бағытқа ала отырып, 1 сәуір – күлкі күнін атап өту мақсатында «Мұраттың мысқылдары» күлкі сағатын өткізді. 2013 жылдан бері «Қостанай таңы» облыстық басылымның Арқалық

2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

қаласындағы меншікті тілшісі Мұрат Жүніс бөлім қонағы болды. Ақын ретінде танылып жүрген Мұрат Жүнісұлының интермедиялары, мысқылдары, сатиралары оқырмандары ортасында жиі оқылып, айтылып жүр. Қаламыздағы Жасөспірім театрының әртістері сахнада жиі қойып жүрген интермедиялар арасынан осы Мұрат еңбектері де кездеседі...

Күлкі сағатында автор өз «Мысқылханасынан» айтып берді. Өз еңбектері арасынан «Айтыс» әзілінен ауыл ақыны мен қала ақыны арасындағы әзіл айтысты оқып жастарды бір көтеріп тастады. Күлкі сағатында кеш авторы Мұрат Жүніс өміріне шолу жасалып, біраз әңгімелер айтылды. Торғай Гум.коледж (тыңдаушылары) студенттері сықақ әзіл әңгімелерге біраз көңіл көтеріп қалды.

Енді ғана осы жанрда көрініп келе жатқан Шыңғыс Темірбекұлы сатирик жайлы өз ойын айтып автор сықақтарынан оқып, сөз аяғында өз шығармаларынан бір-екі сықақ оқып келушыларді бір көтеріп тастады. Күлкі сағаты аяғында қонаққа сөз беріліп, әннен шашу шашылды. Кітапхана әншісі Тоқтар Әбдіхамитұлы әдемі әндерімен кешті әрлендірді. Күлкі сағат соңында қонаққа алғыс айтылып, сыйлыққа Сейіт Кенжеахметовтың кітабы сыйға тартылды.



БІЗ - ӨМІРДІҢ ГҮЛІМІЗ

*Балаларды қорғау күні
I маусым*



«Бала – жүректің миуасы» деп қарайтын біздің қазақ халқы балаға болашағым, деп игі зор үміт артады. Олай болатын себебі, бала – отбасының басты қазығы, тірлік тірегі. Балалы

2016

қантар – маусым

Кітапхана тынысы

үйдің еңсесі биік. Өйткені бала - бақыт, бала қуаныш, бала - өмірдің гүлі. Ал, болашағымызды қорғау баршамыздың міндетіміз.

Жаздың бірінші айының бірінші күні балаларды қорғау күні. Осы мерекеге орай облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының балалар бөлімінің ұйымдастыруымен «Біз өмірдің гүліміз» атты мерекелік іс-шара болып өтті. Кітапхана басшысы Алма Жақсылыққызы балалар мен ата-аналарын құттықтады.

Осы мерекеге арнап бар өнерлерін көрсеткен қаламыздағы «Алпамыс», «Золотой ключик», «Раушан», «Ақбота» балабақшасының бүлдіршіндеріне жиналған жұрт сүйсіне қол соқты. Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болар ма? дегендей кітапханамыздың

тұрақты оқырмандары
би билеп,

Мырзағалиева

Гауһардың сіңілісімен
қосылып айтқан әні
мерекені қыздыра
түсті. Осы іс-шараға
белсене қатысқан
балалар мақтау
қағаздарымен

марапатталса, осындай

өнерлі де, талантты бала тәрбиелеп жүрген тәрбиешілер кітапхана басшылығының алғыс хатына ие болды. Сонымен қатар Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай сәуір айында өткізілген «Сөз құдіреті» байқауының қорытындысы нәтижесінде №6 және №4 мектеп оқушыларына осы мереке қарсаңында марапаттар мен сыйлықтар табысталды.

Өмірде бала күлкісіндей мөлдір, бала қуанышындай таза еш нәрсе жоқ. Ендеше өмірдің гүлі балаларымызға әр мерекеде қуаныш сыйлай білейік.



2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

3 Бөлім

Мерейтойлар

ЕСТЕН КЕТПЕС АСЫЛ БЕЙНЕН

Поэзия кеші

Мариям Хакимжанованың туғанына 110 жыл

Мәриям Хәкімжанова шығармашылығына арналған 2016 жылдың 19 сәуірінде облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапхананың абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен ХХ ғасырдағы әдебиет пен мәдениетіміздің белгілі қайраткері, қазақтың көрнекті ақыны, жерлесіміз, Қазақстанның халық жазушысы Мәриям апа Хакимжанованың жыр әлеміне арналған поэзия кеші өтті.

Поэзия кеш Мәриям апамыздың тағылымды да өнегелі мол мұрасын студенттік жастарға насихаттау, жастардың бейілін қазақ поэзиясына тарту, Мәриям Хакимжанова шығармалары арқылы адами құндылықтар мен адамгершілік қағидаттарын студенттер бойына сіңіру сынды қасиетті мақсаттарды арқалады.

Кешіміздің қонағы Мәриям апамыздың көзін көрген, хат алысқан, дәмдес болған зейнеткер - Шынар Қабдыбекқызы Мәриям апамыз туралы әңгімелерін айтып, хаттарын оқып берді. Бейнежазбадан Мәриям апаның 1990 жылы Жанры: “Деректі фильм” Өндіріс: “Қазақтелефильм” түсірілген — «Атамекен» Мәриям Хакимжанова туралы фильмнен үзінділер көрді.

1906 жылдың қараша айында Қостанай өңірінің Мезгіл деген қайыңды тоғайының бауырындағы Хакимжан мен Төлегеннің отбасында Едірес, Ахметжан дейтін ұлдарынан кейін асыға күткен қыздары дүниеге келді. Екі аға және Мұхамеджан, Жақия есімді



2016

қаңтар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

інілерінің ортасында Мәриям бұландап өсті. Алғашқы ұстазы Сұлтанғазы Ахметовтен жеті жасынан сауатын ашып, бабасы Ыбырай Алтынсарин негізін салған “орысша, қазақша оқытатын ауылнайлық школа” деп атайтын мектепте оқыды.

1935 жылы “Жеңешем өлеңдері” кітабы жарық көрді. Әр жылдары шыққан “Ана махаббаты”, “Жыр асуы”, “Бөбегім менің – өлеңім менің”, “Ана көктемі”, “Гүл туралы аңыз”, “Намыс”, “Өткелдер” және басқа да жыр жинақтарын қалың оқырман жылы қабылдап, ақын ретінде ғана емес, халық ауыз әдебиетін жинап-зерттеуші, атақты Мұрын жырау, Жамбыл, Омар Шипин, Нұрпейіс Байғанин, Абдолла Жұмағалиев, Мұқан Төлебаев, Тайыр Жароков және басқа да тұлғалар туралы жазған аса құнды естелік, мақалаларымен тарихтан өз орнын ойып алды.

Мәриям Хәкімжанованың өлеңдерін Ы.Алтынсарин атындағы педогогикалық институтының «Қазақ тілі мен әдебиет» факультетінің студенттері – Мәулен Балнұр, Ерболат Нұқ Қайырбек Мерейлім, Төленді Камшат, Лес Гами, Биғали Гүлзира, Сыздық Жамбыл, Рыспай Қамқор, Сексенбай Жансая, Екпін Рәнә, Нұрсұлтан Диана оқыды. Поэзия кешіміз ауысша журнал түрінде өтілді.. Журнал үш беттен тұрды.

«**Мен – қазақ қызы асқақ үнді**» атты бөлімде ақын апамыздың ана тақырыбында, табиғат тақырыбында, саяси өлеңдері оқылды.

«**Ерлік жырлары**»- бөлімінде ақын апаның сәтті туындысы, шырайлы шығармасы «Мәншүк» поэмасына тоқталды.

«**Қаламдасым – қанаттасым**» - бөлімінде арнау өлеңдері оқылып, ақын апа туралы лебіздер тыңдалды.

Ақын 89 жасында дүниеден өтті. Алайда, ақынның мұрасын өскелең ұрпақ еш ұмытпайтыны хақ. Кеш соңында «Мәңгі жаса Мәриям мұралары» атты кітап көрмесіне шолу жасалынды.

2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

И ВСЕ ИЩЕТ ДУША...!

К 130-летию поэта Николая Гумилева



3 апреля 2016 года исполнилось 130 лет со дня рождения Н.С. Гумилева – русского поэта. Этому событию был посвящен вечер поэтического настроения на тему «И все ищет душа...». Данное мероприятие было выездным в ГККГ «Ясли-сад Раушан», присутствовало 46 человек.

Наследие, личность, судьба Н.С. Гумилева вызывает сейчас большой интерес. Да и не может быть иначе. Это поэт редкой индивидуальности, его творчество всегда привлекало чарующей новизной, смелостью, остротой чувств, взволнованной мыслью. Жизнь поэта полна была мужеством и силой духа. Об этом было увлекательно рассказано ведущими вечера. А для лучшего восприятия материала были использованы аудиовидеоматериалы.

Долгие десятилетия стихи Н.С. Гумилева не переиздавались. Имя его лишь изредка упоминалось. Сейчас он возвращается к нам и за последнее время мы узнали о нем едва ли не полнее, чем его современники. Поэт был необоснованно причислен к участникам контрреволюционного движения и расстрелян. Он погиб в 35 лет. Короткий, насильственно прерванный на творческом взлете путь. Но удивительно неповторимо яркий! Никому не дано сказать о Поэте больше, чем делает это он сам в своих стихах. Поэт всегда больше своей биографии, потому что он – целый самостоятельный мир, счастье и трагедии, гармонии и разлады которого будут доходить к потомкам и спустя десятилетия и века.



Слушатели мероприятия были приглашены в поэтический мир Гумилева – мечтателя и романтика, капитана южных морей, воина и влюбленного рыцаря. В наши дни Н. Гумилев – один из самых читаемых и популярных поэтов. Главный секрет его успеха – в обаянии благородства сильной личности. Он завоевал интерес читателей не только талантом, оригинальностью стихов, но и необычной судьбой. Традиционно вечер завершился обзором книг.

ЖҮРЕГІ ЖЫР, КӨКІРЕГІ СЫР АҚЫН

Поэзия кеші

Серік Тұрғынбековтың туғанын 70 жыл

Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен ақын, драматург, жерлесіміз Серік Тұрғынбековтың - 70 жасқа толуына арналған поэзия кеші өтті.



Кешке арнайы шақырылған қонақтар: Орекен Алмат - ардагер, Хайруллин Малбағар - ақынның жиені, абонемент бөлімінің тұрақты оқырманы, Айбол Айдарұлы - қалалық Мәдениет сарайының қызметкері.

Арқалық Агротехникалық колледжінің кітапханашысы Әсел Кеңшілікқызы, осы колледж Э -11 тобы қатынасып отырды.

Келген қонақтар ақын жайлы көрген - білгенін, өмірі, шығармашылығы жайлы ой - толғауларын әңгімелеп берді.

Қазақ елі Серік ақынды жалынды, қарымды журналист әрі арқалы ақын ретінде біраз жылдардан бері біледі.

Серік Тұрғынбекұлы 1946 жылы 1 наурыз айында батыр атамыз Әліби Жанкелдин атындағы ауданның Ақшығанақ атты ауылдағы Төлеген қыстауында дүниеге келгені ашқан.



2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

Кеш III - бөлімнен құрастырылды.

1- бөлім «Аппақ жалды құлагер» - деп аталды

Онда ақын жайлы өмір дерек. Яғни ақынның өмір жолдары, журналистік саладан, әдебиет майданына келудегі еңбектері айтылды. Өмір жолдары жайлы түсірілген өз аузымен әңгімеленген ведиороликтер, «Сыр - сұхбаттары» көрсетілді.

II - бөлім «Аққу – жыры аспанында қалықтаған» - атты тақырыпта: Ақын шығармалары, дастандары, поэмалары жайлы айтылып, оларға түсінік беріліп отырылды. (жазылу тарихы,).

Сонымен қатар ақын өлеңдері: «Жерорта», «Торғай толғаулары», «Сүйген жүрек» кітаптарынан өлеңдері оқылды.

Таңдамалы 2- томдық жинақтарындағы дастан, поэмаларынан үзінділер оқылды. Олар: «Махамбет және Жәңгір хан», «Сәкен - сұңқар», «Кейкі батыр», «Ғарыш - қазақ».

Серік ақын әуезді әнге мәтінді көркем жазатын ақын. Мәселен, қазақтың дарынды сазгерлері: Ә. Бейсеуов, Б. Сәуекенов, Т. Мұхамеджанов, А. Сейтқасымов, Т. Әлденев, А. Қоразбаев, М. Омаров, Қ. Деріпсалдиндермен бірлесіп жазған туындылары. Солардың бірі: «Ерке құсым», «Айналайын Торғайым», «Менің дағы бір аққуым бар шығар», атақты әні «Торғай қызы» әндері айтылды.

Және де бір ерекше айта кететін жай сазгер, ұстаз, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Арқалық қаласының «Құрметті азаматы» Жұмағали Өмірбековтың әні «Арқалық аруы» атты әнді Айбол Айдарұлының орындауында оқырман қауым ерекше ілтипатпен қабылдады.

III - бөлім «Сел - сезімнің дариясы» (Серік Тұрғынбеков жайлы бір үзік сыр)

Онда ақынның үзеңгілес достары, ағалары ақын жайлы ой – толғаулары оқылды. «Сағыныш сазы» атты әуенге жазған өлеңдері жайлы көрсетілді.

Кеш соңында тақырыпқа орай ұйымдастырылған кітап көрмесіне шолу жасалынып, сазгер А. Сейтқасымовтың ақын сөзіне жазылған «Айналайын



2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

торғайым» әнін Н. Құлжанова атындағы II курс студенті Якуда Алтынхан орындады.

ЫБЫРАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Іс – шара

Ағартушы, аса көрнекті педагог, ақын, қазақ балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсариннің 175 жылдығына орай Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, Ы.Алтынсарин мұражайының директоры П.А.Ахметованың



ұйымдастырумен және облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапхана қызметкерлерінің қатысуымен «Ыбырай әлеміне саяхат» атты іс-шара болып өтті.

Бұл іс-шараға АрқМПИ Педагогика және психология мамандығының 1 курс студенттері мен Ы. Алтынсарин атындағы гимназияның 9 «А» сыныптың оқушылары қатысып, өз дәрежесінде білімдерін көрсете білді. Ұлы ағартушының өмірімен және шығармаларын оқырманға таныту мақсатында шолу жасалып, кітап жәрмеңкесі өткізілді. Өз білімдерін көрсетіп, іс-шараға жақсы атсалысқан оқырмандар АрқМПИ ректорының атынан мақтау қағаздарын табыстады. №2 ОӘФК - ның директоры Нұрманова Алма Жақсылыққызы өз алығысын білдірді.

Ыбырай - жалаң үміттің емес, өз кезінің ең әсерлі, ықпалды жаңашыл жазушысы. Оқушы жастардан бастап, бүкіл халыққа пайдалы ең жақсы әдет – салттарды, өмірге тиімді кәсіп түрлерін, озат оқу – білімді, адамгершілік қасиеттерді сіңіру үшін күресті. Бұл мәселелер Ыбырай кезінің сол дәуір ұсынған ең келелі де керекті жаңа тілектері еді.

Ыбырай шашқан тәлім – тәрбие ұрығы зая кеткен жоқ.

2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

АРҚА ТӨСІНДЕ ТҮЛЕГЕН ТҰЛҒА

*Әбілбек Ұзақұлының туғанына 80 жыл
Портрет кеші*

23 сәуір – Халықаралық кітап күніне байланысты өнер



*“Ардагерлер” кеңесінің төрағасы –
Жәнібек Ғапбасұлы мен...*

секторының ұйымдастыруымен «Қазақстан Суретшілер Одағының» мүшесі, Қостанай Меценаттар клубының лауреаты, «Қазына» сыйлығының иегері, «Құрмет» орденімен марапатталған, бірнеше мақтау грамоталармен, алғыс хаттардың иегері Әбілбек

Ұзақұлының 80 жылдығына арналған «Арқа төсінде түлеген тұлға» тақырыбында кеш ұйымдастырылды. Іс-шараға алдын-ала дайындық жүргізілді. Мүсінші өмір жолынан фотослайд жасалды. Кеш тақырыбында мүсінші жайлы «Жаднама» жасалды. Мүсінші еңбектерінен (6 мүсін, екі орама) көрме ұйымдастырылды. Шақыру билеттері жасалып құрметті қонақтарға таратылды. Мүсіншіге арналған кешке Әбілбек Ұзақұлы жары Бәтима апамен қатысты. Кешке Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Жұмағали Сүлейменұлы, ақын Молдатай Жапарұлы, ақын Сейтқали Сабыржанұлы, құрдасы Ғазез аға, жора-жолдастары, және «Қазына» ардагерлері, ТАТК – студенттері, көпшілік оқырмандар қатысты. Кеште экраннан фотослайд жүргізіліп тұрды. Мүсінші өмір жолынан, шығармашылығынан естелік әңгімелер айтты. Жастарға үлгі болар аталық ақылын айтып, көп оқу, іздену керек екенін де естеріне салды. Өз еткен еңбектеріне тоқталып, еңбектің оңай келмейтінін, ол үшін ізденіс керек екенін де әңгіме етті. Кешті әншілер Нәбира Шағыпқызы мен Нұрсая Әбдікәрімқызы әдемі әндерімен жандандырды. Әнші, өнерлі жастарға мүсінші өз қолын қойып жаднаманы естелікке ұсынып, жастарға батасын берді. Кеш соңында кітапхана басшысы алғысын білдіріп мүсінші

2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

Әбілбек Ұзақұлының иығына шапан жапты. Қонақтар естелікке суретке түсіп, ризашылықпен тарасты.

Көрмедегі мүсіндер:
Таңатқан Дүйсекеев /Қазақстан қазақша күрестен чемпионы;
Әбілсейт Айқанов /Еркін күрес чемпионы;
Ақан Кәки Шәріпұлы /ардагер;
Оразалы Қозыбаев;
Өмірбек Жандаулетов /Ленин орденді шопан;
Шалабаев Ұзақ / Жылқышы.



Мүсінші Әбілбек Ұзақұлы. 2016 жыл

3 Бөлім

Жаналықтар мен оқиғалар

ИНТЕРНЕТ-КЛУБ «НАМ ЗА 50+»

Когда человек выходит на пенсию, меняется образ его жизни, и первое с чем он сталкивается – узкий круг общения. Пожилые люди часто испытывают одиночество. Это относится как к людям, живущим одиноко, так и проживающим в семье. Для пожилых и престарелых людей сохранить нормальное, полноценное общение означает не поддаться одиночеству и, следовательно, отодвинуть старость. Для того, чтобы помочь пожилым людям преодолеть одиночество, замкнутость, предоставить возможность общаться, помочь установить новые социальные связи и создаются Интернет-клубы. Главной целью Интернет-клуба «Нам за 50+» для пожилых людей является предоставление возможности приятно и интересно проводить



2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

свободное время, удовлетворения разнообразных культурно-просветительных потребностей, а так же пробуждение новых интересов, облегчения установления дружеских отношений.

В секторе информационно-сервисного обслуживания в 1-ом квартале 2016 года был открыт интернет клуб «Нам за 50+».

Интернет-клуб «Нам за 50+» создается для граждан пожилого возраста, проживающих в городе Аркалык.

В состав Интернет-клуба входят заведующий сектора информационно-сервисного обслуживания и библиотекарь сектора.

Цель: обучение компьютерной техники, обеспечение информационной доступности, социального и психологического самоутверждения пожилых граждан, расширения для них средств общения. Занятия в клубе проходят 2 раза в неделю.

Клуб не предусматривает классические курсы компьютерной грамотности. Это — индивидуальный подход, личная заинтересованность каждого участника клуба.

Изучение компьютера с нуля, позволит пройти путь от "чайника" до грамотного пользователя, расширив круг общения и интересов до виртуальных масштабов. Занятия клуба проходят в индивидуальной и групповой форме.

Компьютерные технологии - это уже неотъемлемая часть современной жизни. Для человека на пенсии - это ещё и новые возможности коммуникации, источник информации и развлечений. Для кого-то это возможность снова выйти на работу, требующую навыков работы с ПК. Или возможность работать удаленно по средством интернет.



Общение с детьми и внуками, с родственниками в других городах или странах - все это новые возможности, которые спустя некоторое время станут привычными в повседневной жизни.

Компьютерные курсы состоят из двух уровней системы обучения. Первый уровень - для новичков —

2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

помогает освоить текстовые и простые графические редакторы, разобраться в настройках параметров компьютера, пользоваться ярлыками на рабочем столе, самостоятельно создавать и сохранять файлы, пользоваться программами для просмотра фотографий и работать со съемными носителями памяти. Второй уровень обучения включает в себя и работу с интернет ресурсами: работа с различными браузерами, поиск информации, загрузка файлов, онлайн общение.

ТОРҒАЙ ДАЛАСЫ – ҰЛТ – АЗАТТЫҚ
КӨТЕРІЛІСІНІҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Республикалық ғылыми – тәжірибелік конференция

1916 жылғы Ұлт азаттық көтеріліс қазақ тарихында ерекше орын алатын, ерекше аталатын құбылыс. Тарихи маңызы зор көтерілістің ірі ошағы - Торғай өңірі екені бәрімізге аян. Халық көтерілісінің 100 жылдық мерейтойы республика көлемінде алғаш



рет біздің қаламыздан бастау алды. Жалпы қазаққа есімі таныс, тарихшы ғалым, саясаткер, Арқалық қаласының бұрынғы әкімі Берік Әбдіғалиұлы мұрындық болған іс – шара дүркіреп өтті. Аталған іс – шара мемлекет тарапынан емес,

Берік Әбдіғалиұлы бастаған бір топ жеке тұлғалардың, тарихшылар қауымдастығының, Әбдіғапар хан ұрпақтарының ұйымдастыруымен өткізілді.

Іс-шара бір күн бұрын «Торғай көтерілісі» тарихи мақалалар жинағының тұсау кесер кешімен басталды. Жинақта Торғай өңірінде болған халық көтерілісі жайлы баяндалады. Жинақ авторы саясаткер Б. Әбдіғалиұлы кітаптың тұсауын кесіп, қаланың бір топ азаматтарына жүзжылдыққа арнайы жасалған төсбелгілер табыстады.

2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

Ұлт – азаттық көтеріліс пен репрессия – бірімен –бірі сабақтасқан құбылыстар. 31 мамыр күні аталып өтетін қаралы да, қайғылы күн - саяси қуғын - сүргін құрбандарын еске алу күні де осы іс - шарамен жалғасып кетті. Қала халқы Ахмет Байтұрсынов ескерткішінің алдына жиналып, жазықсыз жапа шеккен жандардың рухына Құран бағыштап, гүл шоқтарын қойды.

Торғай көтерілісіне тікелей атсалысып, еңбекшілер көтерілісін басқаруға үлес қосқан тарихи тұлғалар Амангелді мен Әлібидің есімдері, Кейкінің ерліктері көпке мәлім болса, халықтың қалауымен хан болып сайланған Әбдіғардың осы көтерілісте атқарған рөлін, оның ерлігін бірі білсе, бірі біле бермейді. Кейінгі ұрпаққа осындай ірі тұлғаның тарихта алар орнын жеткізіп көрсету мақсатында Берік Әбдіғалиұлы мен оның бір топ ұрпақтары қаламыздағы Әуелбеков көшесінің жанында ескерткіш тақта орнатты. Болашақта ол жерге Торғайдың соңғы ханының тас бейнесі орнатылмақ. Ашылу салтанатында Нияз би ұрпақтарының атынан Астанадан арнайы келген ғалым Ақмолда Ахметов сөз сөйледі.



Іс – шара әрі қарай ғылыми конференцияға ұласты Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының мәжіліс залында Қазақстан тарихшылар қауымдастығының, Арқалық қаласының әкімдігі мен Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен «Торғай даласы – ұлт – азаттық көтерілісінің күретамыры» атты республикалық ғылыми – тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияның мақсаты тағдырлы тарихымызда таңбаланып қалған қазақ халқының ұлт – азаттық көтерілісінің рөлі мен маңызына баға беру және оның тек тарихын ғана айтып астарына үңілу, тәуелсіз ұрпақтың ұлттық санасын жаңғырту болды. Онда белгілі алаштанушы, профессор, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан тарихшылар қауымдастығының төрағасы Мәмбет Қойгелдиев Торғай көтерілісі одан кейінгі қуғын – сүргін,

2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

байларды тәркілеу хақында баяндамасын оқыды. Сондай –ақ бір қатар жергілікті азаматтар, өзге оқу орындарынан келген тарихшылар сөз сөйледі. Атап айтсақ, филология ғылымының докторы, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен Тұрсын Жұртбай; заң ғылымының кандидаты, ҚР еңбек сіңірген қайраткері С. А. Қасымов; Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің аға оқытушысы А.Д.Бақыт, филология ғылымының кандидаты, Алаш институтының қызметкері Қ. Р. Кемеңгер, тарих ғылымдарының кандидаты Е. Е. Сайлаубай, өлкетанушы, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ғылыми қызметкері Ш. Байдилдин, Әбдіғалп ханның ұрпағы М. Мырзағалиұлы баяндама оқыды.



Түстен кейін іс-шара облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханада секциялық жұмыс түрінде жалғасты. Секцияға Амангелді, Жангелдин, Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана қызметкерлері, ауылдық кітапханашылар, тарихшылар,

мұражай қызметкерлері қатысты. Арқалық қаласындағы Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының директоры А.Ж.Нұрманова 1916 жылғы тарихтан сыр шертсе, №4 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Г. М. Қабылдина көтерілістің ақтандақтары туралы, Торғайдан келген Жангелдин мұражайлар кешенінің директоры Г. Қ. Сәрсекей ұлт- азаттық көтерілістің мұражайда насихатталуын, Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихи облыстық мұражайының ғылыми қызметкері Б. Ж. Сағынтаев Торғай ақындық мектебі өкілдерінің шығармаларындағы 1916 жылғы көтеріліс туралы, облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының кітапханашысы Л. Б. Исабекова ұлт көтерілісін ұлықтаған әдебиеттермен таныстырса, кітапхананың бас библиографы Г. К. Сейтқожина халқымыздың қилы тарихы жайлы библиографиялық көрсеткіштерге кеңінен тоқталып, ойларын



2016

қантар – маусым

Кітапхана тынысы

ортаға салды. Кітапхана директоры А. Ж. Нұрманова іс-шараны қорытындылап, шараға қатысушыларға сәттілік тіледі.

АЙНАЛДЫМ ЕРКІН ЕЛІМНЕН

Көркем өнерпаздар фестивалі

Мерейлі белестер жылын ұлықтау мақсатында Арқалық қалалық Мәдениет сарайының ұйымдастыруымен қалалық мекемелер арасындағы көркем өнерпаздар фестивалі өтті.

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл және Ұлт – Азаттық көтеріліске 100 жыл толып отыр. Ел өміріндегі осынау үлкен оқиғаларды мәдениет және өнер арқылы насихаттау, халықтың мәдени демалысын жаңғырту, халық шығармашылығын дамыту мақсатында ауқымды шаралар өтті.

Облыстық №2 әмбебап – ғылыми кітапханасы іс – шараға қатысып «Келешекке кемел» номинациясына ие болдық.



БИБЛИОТЕКАРЬ ГОДА

Конкурс

Заведующий сектора информационно - сервисного обслуживания Грибовский Р. А. в 1-м полугодии 2016 года принял участие в областном конкурсе профессионального мастерства библиотечных работников «Библиотекарь года» им. Н. К. Даулетовой. Конкурс состоял из двух туров. На первом туре они должны были подготовить приветствие. Потом их задача

2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

заклучалась в том, что они должны были предоставить одно массовое мероприятие на любую тему, а также написать авторское эссе о будущем развитии библиотек Казахстана. Все это нами было выполнено. По результатам отборочного тура определяются 5 победителей 1 тура. Заведующий сектора информационно-сервисного обслуживания Грибовский Р. А благополучно прошел 1-й тур конкурса «Лучший библиотекарь»



II тур конкурса прошел 7 апреля 2016 года в КГУ «ОУНБ» им. Л. Н. Толстого. Второй тур областного конкурса профессионального мастерства «Библиотекарь года» был посвящен профессиональному блогу. Во 2-м туре должны были показать приветствие, потом прочесть отрывок из произведения М. Хакимжановой. Далее была блиц-викторина по 15 разнообразных вопросов каждому участнику. Последнее задание конкурса было посвящено библиографии.

В конце конкурса почетное жюри объявили итоги конкурса. По итогам конкурса заведующий сектора информационно-сервисного обслуживания Грибовский Р. А занял почетное 2 место. Само награждение дипломом и поощрения проходило в Областном казахском театре им. И. Омарова в городе Костанай.



2016

қантар – маусым

Кітапхана ТЫНЫСЫ

5. Бөлім

Болашаққа жоспар

«Н. Дәулетованың ғылыми тәжірибе жұмыстары қазіргі кітапхана жұмысының дамуына қосар үлесі» - аймақтық зерделі кеңес

«Мерейің өссін, Арқалық» /Арқалық қаласының 60 жылдығына орай / - көрме – байқау

«Ы. Алтынсариннің мұраларын насихаттауда кітапханалық рөлі» - көшпелі зерделі кеңес

«Мамандығым мақтанышым» - жас кітапханашылар сайысы

«Я здесь живу и край мне этот дорог» / к 80 летию образования Костанайской области / - мультимедийное пособие

КММ Арқалық қаласындағы №2«Облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы

Құрастырушы: Ахметжанова А. Қ.

Редактор: Нұрманова А. Ж.

Басылымға жауапты: Уткельбаева С. Б.

Компьютерлік терілім: Уткельбаева С. Б.

Біздің мекен жайымыз: Арқалық қаласы, Абай көшесі, 62

Телефон: 87143070916

Эл.пошта: arkounb@mail.ru

Библиодайджесттің шығуы

Жылына екі рет

Таралымы: 5 дана

Көлемі: 1,5